

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ**




**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИЯ
С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**

**Студенттер арасында «қауіпсіз үй» байқауы
3D форматындағы бағдарламаларды қолдану
(құрылымдық емес сейсмикалық күшейту,
жер сілкінісі кезінде қауіпсіз және қауіпті
орындар)**

**Ұйымдастырған: Кошымова Н.О.
2023ж.**



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ БОЛА ҚАЛҒАН ЖАҒДАЙДА





ЖЕР СІЛКІНІСІ КЕЗІНДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Алғашқы жер сілкінісі кезінде :

Есте сақтаңыз: жер сілкінісі басталған кезде үрейленбеңіз және басқалардың да үрейленуіне жол бармеңіз;

Газ, су және жарықты сөндіріңіз;

Жер сілкіну төменгі баллмен жай болса, онда қорықпаңыз, сол жерде тұрыңыз, яғни күтіңіз.

Егер күшті жер сілкінісі болған кезде сіз үйдің ішінде болсаңыз (дүмпу күші бес және одан жоғары болса):

Екінші және одан да жоғары қабатта болсаңыз ол жерден ешқайда кетпеңіз;

Ішкі қабырғаның қауіпсіз жеріне, бұрышқа, есіктің жақтауына, ваннаға жатыңыз;

Кереуеттің, столдың астына кіріңіз, себебі бұлар сізді құлайтын заттар мен

сынықтардан қорғайды. Өзіңізді ауыр жиһаздар мен терезелерден аулақ ұстаңыз;

Лифтіні пайдаланбаңыз.




«ЖЕР СІЛКІНІСІ КЕЗІНДЕ ҚАУПСІЗ ОРЫНДАР»





«ЖЕР СІЛКІНІСІ КЕЗІНДЕ ҚАУІПТІ ОРЫНДАР»



ТҚ ИНЖЕНЕРІ С. ШАРИПОВПЕН КЕЗДЕСУ



ҚҰЛАП БАРА ЖАТҚАН ЛИФТТЕН ҚАЛАЙ АМАН ҚАЛУҒА БОЛАДЫ ?



Соққы күшін анықтау үшін, етбетіңізден жерге жатыңыз(шетінен гөрі ортасына қарай). Жоғарыдан еш нәрсе түсіп кетпес үшін, басыңызды жабыңыз. Лифтінің шахта түбіне түсіп кету мүмкіндігін де ойлаңыз. Осылай да тірі қалуға болады. Құлап бара жатқан лифтіде өлім жағдайы сирек кездеседі. Кейбір сарапшылар тік тұрып, соққы алдында секіру қажет дейді, бірақ уақытты дұрыс пайдалану мүмкіндігі аз.

СУ ТАСҚЫНЫ, СЕЛ



Елді мекендерде су тасқыны боларда алдын-ала қауіпсіздік дайындығын жүргізі керек. Жергілікті елдің топографиясын, климаттық ерекшеліктерін және тарихын біле отырып, су тасқынының қалай болатынын дәлдікпен білу қиындық туғызбайды. Кішкентай су тасқыны шамамен 10-20 жылда бір рет, үлкен су тасқыны 20-25 жылда бір рет, одан да үлкен бүкіл өзендерді қамтитын 50-100 жылда бір рет және 100-200 жылда бір рет, бүкіл аумақты қамтитын үлкен апаттар болуы мүмкін.

Су тасқыны кезінде:

үйдегі газды, суды, жарықты сөндіру;

пештегі жанып жатқан отты өшіру;

үйдегі бағалы заттарды үйдің төбесіне немесе жоғары қабатқа шығару;

бірінші қабаттағы есік пен терезелерді тақтаймен немесе фанермен қағып тастау;

мал тұратын сарайдағы есіктердің ілгішін ашып тастау.

Кездейсоқ су тасқынында өзіңізбен бірге жылы киім, мүмкіндігінше су өткізбейтін киім, жамылғы, тамақ және т.б. керекті нәрселерді алып, рельефтің ең биік жеріне көтеріліңіз, ол жерді ешқашан су баспайды. Егер ол болмаса, қайық және т.б. дайындау қажет.

Су кеткеннен кейін электр сымдарынан, зақымданған газ магистралдан сақ болу қажет. Үйге кірер алдында, су тасқынынан зақымданбағандығын байқау қажет. Судан табылған заттардан тамақ әзірлеуге болмайды.



ҚОШЕДЕ:



КӨЛІКТЕ:



**мүмкіндігінше тез арада ашық жерде тоқтаңыз;
дүмпулер аяқталғанша көліктен шықпай,
орныңыздан қозғалмаңыз;
автобус жүргізушісі есікті ашып қоюы тиіс.**

ЖЕР СІЛКІНІСІНЕН KEЙІН:

- сабырлылықты сақтаңыз, зардап шеккендерге көмектесіңіз;
- радиоқабылдағышты қосыңыз, жергілікті биліктің, азаматтық қорғаныс штабының нұсқауларын қадағалаңыз;
- аса қажеттіліксіз телефонды ұстамаңыз;
- зақымдалған ғимараттарға аса қажеттіліксіз кірмеңіз;
- жарақаттанбау үшін мықты аяқ киім киіңіздер, құтқарушы және басқа шұғыл жұмыстарға қатысыңыздар.

- **Жер сілкінісі кезінде қауіп-қатерді болдырмау үшін арналған жалпы ұсынымдар**
- **жиһаздың ауыр заттары құлайтын жерде ұйықтауға болмайды. Салмақты ауыр заттарды еденге немесе қабырғаға шегелеп қою қажет.**
- **биік сөрелерге ауыр заттарды қоймаңыз, өйткені олар құлап адамдарды жарақаттауы мүмкін.**
- **егер де жер сілкінісі түнде болса шамды даярлап қою керек.**
- **төтенше жағдайлар туындағанда жеткілікті көлемде ішетін су мен тағам болу керек.**
- **Әрбір адам әр түрлі жағдайларда әрекет ету жоспарын өзі жасау керек. Жер сілкінісі кезінде өзі және отбасы мүшелерінің әрекет ету жоспарын анық білу қажет. Және де жер сілкінісі кезінде сабырлылықты сақтаңыздар, лайықты іс жасап, ҮРЕЙГЕ ЖОЛ БЕРМЕҢІЗ!**





НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!